

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Ормантану
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Қазақстан Республикасының орман қоры санаттарға бөлінеді
 - A) 16 санаттарға
 - B) 2 санаттарға
 - C) 9 санаттарға
 - D) 25 санаттарға
 - E) 3 санаттарға

2. Сібір балқарағайының тұқымдықтары топ құрайды
 - A) 9-10 ағаштан
 - B) 7-8 ағаштан
 - C) 5-6 ағаштан
 - D) 3-4 ағаштан
 - E) 1-2 ағаштан

3. Кеспеағаштың жанасу тәсілдерінің саны
 - A) 3
 - B) 5
 - C) 6
 - D) 2
 - E) 4

4. Жаппай кесулер кезінде барлық ағаштар кесіліп бітеді
 - A) 4 жылдың ішінде
 - B) 2 жылдың ішінде
 - C) 5 жылдың ішінде
 - D) 1 жылдың ішінде
 - E) 3 жылдың ішінде

5. Ерікті таңдамалы кесулер кезінде бірінші кезекке қойылатын міндеттер
 - A) Ағаш дайындау зауыттары үшін сүрек дайындау
 - B) Орманның қайта түлеуі
 - C) Арнайы сортименттерді дайындау
 - D) Отын ағаштарын дайындау
 - E) Жонуға арналған сүрек дайындау

6. Еріксіз таңдамалы кесулерді жүргізе бастаған уақыт
- A) 1851 жылдан бастап
 - B) Петр I басқарған уақыттардан бастап
 - C) 1885 жылдан бастап
 - D) 1785 жылдан бастап
 - E) 1805 жылдан бастап
7. Таңдамалы кесулер кезінде кесіп алынатындар
- A) Отын ағаштары
 - B) Белгілі бір санаттағы ағаштар
 - C) Төмендіңді ағаштар
 - D) Ауырған және фаутты ағаштар
 - E) Барлық сүректі ағаштар
8. Басты мақсаттағы кесулер бөлінеді
- A) 3 топқа
 - B) 4 топқа
 - C) 5 топқа
 - D) 6 топқа
 - E) 2 топқа
9. Бұтақтарды кесу бойынша классификация алғаш рет дайындалған мемлекет
- A) Канада
 - B) Франция
 - C) Польша
 - D) Германия
 - E) АҚШ
10. Жолақты кесу, кесулер жүргізгенге дейін атқарылады
- A) 10-15 жыл бұрын
 - B) 5-8 жыл бұрын
 - C) 25 жыл бұрын
 - D) 20 жыл бұрын
 - E) 18 жыл бұрын
11. Санитарлық кесулерді жүргізу мақсаты
- A) Орманның өнімділігін арттыру үшін
 - B) Рекреациялық мақсаттар үшін
 - C) Су балансын реттеу үшін
 - D) Алқаағаштардың санитарлық жағдайын жақсарту үшін
 - E) Пилорамаларға шикізат алу үшін

12. Өтпелі кесуді жүргізудің мақсаты
- A) Бөрікбасына жарықтың түсуін жақсарту үшін
 - B) Диаметр бойынша өсімін ұлғайту
 - C) Ағаштардың биіктігі бойынша өсімін ұлғайту
 - D) Өсімдіктердің қоректену ауданын ұлғайту үшін
 - E) Алқаағаштардың топырақ жағдайын жақсарту
13. Сиретпелі кесуді жүргізу жасы
- A) 41-50 жас
 - B) 5-10 жас
 - C) 11-20 жас
 - D) 21-40 жас
 - E) 51-70 жас
14. Тазартпалы кесуді жүргізу жасы
- A) 3-5 жас
 - B) 25 жас
 - C) 11-20 жас
 - D) 7-9 жас
 - E) 30 жас
15. Жарықтандырудың негізгі мақсаты
- A) Алқаағаш құрамын реттеу
 - B) Диаметрі бойынша өсімді жақсарту
 - C) Шөпті өсімдіктермен күрес
 - D) Балауса ағаштардың өсуін жақсарту
 - E) Топырақты жақсарту
16. Күту үшін кесулер бөлінеді
- A) 3 түрге
 - B) 7 түрге
 - C) 2 түрге
 - D) 4 түрге
 - E) 6 түрге
17. Күту үшін кесулердің мақсаты
- A) Кесу рамалары үшін материалдар алу
 - B) Шаруашылықта құнды, жоғары өнімділікті орман алқаағаштарын қалыптастыру
 - C) Аудан бірлігіндегі сүрек қорының мөлшерін анықтау
 - D) Шырғай дайындау үшін
 - E) Орман астарын жарықтандыру үшін балауса ағаштарды сирету

18. Күту кесулері бірінші пайда болған мемлекет
- A) Рим империясында
 - B) Италияда
 - C) Францияда
 - D) Ресейде
 - E) Қазақстанда
19. Орманды кесу мақсаты бойынша бөлінеді
- A) 6 түрге
 - B) 2 түрге
 - C) 7 түрге
 - D) 3 түрге
 - E) 4 түрге
20. Жалпы орманшылық курсының оқу мақсаты
- A) Орманда екпе орман қорын бөлу үшін
 - B) Орманда шаруашылық жүргізу тәсілдерін зерттеуге
 - C) Орман морфологиясын зерттеу үшін
 - D) Орманды жанама пайдалану қорын анықтау үшін
 - E) Ағаш және бұта өсімдік түрлерін анықтау үшін

Ормантану

ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

2-БЛОК: Арнайы пән
Дендрология
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Әдемі гүлдейтін ағаш түрін көрсетіңіз
 - A) Терек
 - B) Емен
 - C) Сексеуіл
 - D) Форзиция
 - E) Шегіршін

2. Жапырағы күрделі саусақ салалы ағаш түрін көрсетіңіз
 - A) Шетен
 - B) Атбас талшын
 - C) Бөріқарақат
 - D) Жөке ағашы
 - E) Терек

3. Берілген мекенде бұрын өспеген, басқа аймақтардан әкеліп, екпе түрінде отырғызу
 - A) Көгалдандыру
 - B) Орман мелиорациясы
 - C) Интродукция
 - D) Рекреация
 - E) Екпе орман

4. Ағаш өсімдіктерінің тіршілік пішіндері келесідей негізгі топтарға бөлінеді
 - A) Ағаш, бұта, лиана, гүлді өсімдіктер
 - B) Ағаш, жартылай бұта, лианалар, гүлді өсімдіктер
 - C) Ағаш, бұта, бұташық, жартылай бұта, лианалар
 - D) Ағаш, бұта, гүлді өсімдіктер, мүктер
 - E) Ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер, лианалар

5. Бұта болып саналатын өсімдік
 - A) Қотыр қайың
 - B) Кәдімгі емен
 - C) Кәдімгі шетен
 - D) Ірі жапырақты жөке
 - E) Кәдімгі итмұрын

6. Бұталы өсімдіктердің ағаштан айырмашылығын көрсетіңіз
- A) Негізгі діңі болады және биіктігі 5 м-ден жоғары
 - B) Жерге жайылып өседі, биіктігі 50-60 см
 - C) Бірнеше діңнен тұрады және биіктігі 5 м-ден төмен
 - D) Бірнеше діңнен тұрады және биіктігі 8м-ден жоғары
 - E) Бір діңнен тұрады және биіктігі 10м-ден жоғары
7. Ылғал сүйгіш өсімдіктер келесідей топқа жатады:
- A) Мезогигрофит
 - B) Мезофит
 - C) Ксерофит
 - D) Гигрофит
 - E) Кальцефиль
8. Ксерофит ағаш түрін көрсетіңіз:
- A) Жүзгін
 - B) Үшқат
 - C) Қайың
 - D) Қара қарақат
 - E) Қара қандағаш
9. Қазақстанда эндем өсетін ағаш және бұталы өсімдік түрлері
- A) Маньчжур алмасы, сары қарақат, кәдімгі шырғанақ
 - B) Кәдімгі қарағай, шарын шағаны, ақ үлпек қайың
 - C) Кәдімгі қарағай, іле бөріқарақаты, сібір шыршасы
 - D) Шарын шағаны, тянь-шань шыршасы, іле бөріқарақаты
 - E) Тянь-шань шыршасы, шаған жапырақты үйеңкі, ірі жапырақты жөке
10. Белгілі бір өсімдіктің табиғи таралу аймағы
- A) Фауна
 - B) Реликт
 - C) Флора
 - D) Ареал
 - E) Эндем
11. Өсімдіктердің тіршілік ету ортасымен қарым-қатынасы заңдылықтарын оқытатын ботаниканың бөлімі
- A) Өсімдіктер фенологиясы
 - B) Өсімдіктер физиологиясы
 - C) Өсімдіктердің фитопатологиясы
 - D) Өсімдіктер географиясы
 - E) Өсімдіктер экологиясы

12. Ареалдың шамасына және ерекшеліктеріне байланысты өсімдіктер келесідей топтарға бөлінеді
- A) Эндем, жаппай, жолақты, үзік
 - B) Космополит, эндем, кең, тар
 - C) Космополит, жаппай, жолақты, үзік
 - D) Жаппай, жолақты, үзік, олиготрофты
 - E) Үзік, кең, тар, жолақты, космополит
13. Ареал – бұл
- A) Өсімдік ауруларының таралу аймағы
 - B) Өсімдіктердің жерсіну аумағы
 - C) Өсімдіктердің зақымдалу ошақтары
 - D) Өсімдіктердің қорғалу ауданы
 - E) Өсімдіктердің таралу аймағы
14. Дендрология пәнінің негізгі мақсаты
- A) Ағаш және бұталы өсімдіктердің тұқымдарына сипаттама беру
 - B) Ағаштар мен бұталы өсімдіктерге түсетін сыртқы ортаның әсерін зерттеу
 - C) Ағаш және бұталы өсімдіктердің аурулары мен зиянкестерін зерттеу
 - D) Ағаш және бұталы өсімдік тұқымдастарына сипаттама беру
 - E) Ағаштар мен бұталы өсімдіктердің өсіру технологиясын сипаттау
15. Раушангүлділер тұқымдасының өкілі
- A) Шетен
 - B) Жөке ағашы
 - C) Үйеңкі
 - D) Терек
 - E) Қайың
16. Гүл пішіні дұрыс емес ағаш тұқымдастарды көрсетіңіз
- A) Бұршақтар тұқымдасы
 - B) Раушангүлділер тұқымдасы
 - C) Қайыңдар тұқымдасы
 - D) Жөке ағаштар тұқымдасы
 - E) Үйеңкілер тұқымдасы
17. Тіршілік пішіні ағаш болып келетін, бұршақтар тұқымдасының өкілі
- A) Ақ акация
 - B) Майқараған
 - C) Сары қараған
 - D) Аморфа
 - E) Шеңгел

18. Тіршілік пішіні бұта, бұтақтары тікенді болып келетін қарлығандар тұқымдасының өкілі
- A) Форзиция
 - B) Бөрікарақат
 - C) Қарлыған
 - D) Итмұрын
 - E) Үшқат
19. Бозжиде ылғалдылықты талап ету бойынша қандай топқа жатады
- A) Эутрофты
 - B) Мезотрофты
 - C) Мезофит
 - D) Гигрофит
 - E) Ксерофит
20. Жемісі сүйекті, сулы, провансаль майы алынатын, жылу сүйгіш субтропикалық өсімдік
- A) Құрма
 - B) Мандарин
 - C) Лимон
 - D) Інжір
 - E) Зәйтүн

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Шарын, соғды шағанының экологиялық-орманшылық сипаттамасы
- A) Жапырақтары күрделі қарама-қарсы орналасқан, биіктігі 25-35 м болатын ағаш
 - B) Жемісі жаңғақты, дөңгелек болып келеді
 - C) Жемісі қанатты, ұзынша эллипс тәрізді
 - D) Шарын шатқалында өсетін эндем түрге жататын ағаш
 - E) Солтүстік Қазақстанда табиғи түрде орман түзеді
 - F) Жасыл желегі колонна тәрізді, биіктігі 5 м болатын бұта
22. Зәйтүндер тұқымдасына жататын ағаш түрлері
- A) Татар үйеңкісі
 - B) Боз жиде
 - C) Қара сексеуіл
 - D) Кәдімгі шаған
 - E) Кәдімгі жұпаргүл
 - F) Ақ үлпек қайың
 - G) Татар үшқаты
 - H) Еуропалық зәйтүн
23. Шаған жапырақты үйеңкінің экологиялық-орманшылық сипаттамасы
- A) Қазақстанда табиғи түрде орман түзеді
 - B) Биіктігі 6-10 м болатын аласа ағаш
 - C) Жапырағы тақ қауырсынды, 7-9 данадан орналасады
 - D) Жапырағы жәй, жүрекше тәрізді
 - E) Жемісі жаңғақшалы
 - F) Тұқымдары қос қанатты
 - G) Биіктігі 25 м, диаметрі 1 м болатын ағаш
24. Жылтыр шегіршіннің экологиялық-орманшылық сипаттамасы
- A) Жапырақтары қатты, ромб тәрізді, жиегі бүтін
 - B) Жапырақтары жұқа, пішіні эллипс тәрізді, жиегі ара тісті
 - C) Жасыл желегі қалың, биіктігі 35 м болатын ағаш
 - D) Жасыл желегі, шатырша тәрізді, биіктігі 5 м болатын бұта
 - E) Жемісі шырынды, сүйекті
 - F) Жемісі қанатты шоқтанып орналасады

25. Талдар тұқымдасына жататын ағаш түрлері
- A) Ақ үлпек қайың
 - B) Ақ тал
 - C) Кәдімгі алмұрт
 - D) Ақ терек
 - E) Қара, жабысқақ қандағаш
 - F) Татар үйеңкісі
 - G) Сары қарақат
 - H) Мырза терек
26. Мырза теректің экологиялық-орманшылық сипаттамасы
- A) Биіктігі 8 м болатын бұта
 - B) Ашық тұқымдыларға жатады
 - C) Жапырақтары жәй, кезекпен орналасады
 - D) Қорғаныш орман өсіруде пайдаланады
 - E) Биіктігі 30 метрге дейін жететін, діңі түзу, тез өсетін ағаш
 - F) Баяу өсетін ағаш
 - G) Жемістері шырынды, тағам ретінде пайдаланады
 - H) Ксерофитті өсімдік түрлеріне жатады
27. Қайың тұқымдастарына жататын ағаш түрлерін көрсетіңіз
- A) Сиверс алмасы
 - B) Қара жабысқақ қандағаш
 - C) Ұсақ жапырақты жөке ағашы
 - D) Кәдімгі емен
 - E) Талас қайыңы
 - F) Кәдімгі итмұрын
 - G) Тянь-шань шетені
 - H) Қотыр қайың
28. Жабық тұқымдылардың сипаттамасы
- A) Сүрегінде, қабығында шайыр жолдары бар
 - B) Жапырақтары жай және күрделі
 - C) Гинкголар және қарағай тұқымдастары жатады
 - D) Тұқымдары қабыршағында ашық жатады
 - E) Қарағайлар тұқымдасы жатады
 - F) Жемістері шырынды және сүйекті, қанатты
 - G) Сүрегінен шырын ағызады
 - H) Қылқандары және бүрлері бар

29. Таксодилер тұқымдасына жататын ағаш түрлер
- A) Орта тисс
 - B) Сібір балқарағай
 - C) Мәңгі жасыл секвойя
 - D) Қос салалы гинкго
 - E) Алып секвойядендрон
 - F) Дәрілік арша
30. Шренк шыршасының экологиялық-орманшылық сипаттамасы
- A) Жоңғар Алатауы және Тянь-Шань тауларында табиғи өседі
 - B) Желек пішіні шатырша тәрізді
 - C) Сүрегі өзексіз, шайыр жолдары жоқ болып келеді
 - D) Жемісі жидек тәріздес болып келеді
 - E) Қылқандары қабыршақты болып келеді
 - F) Желек пішіні конус тәрізді болып келеді
 - G) Қылқаны ине тәріздес, 4 қырлы, ағашта 7-9 жылдай тұрады
 - H) Қылқандары 2-5 данадан орналасады

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Суретте Қазақстанда көгалдандыру мақсатында өсірілетін интродуцент ағаш түрлері келтірілген




31. 3-ші суретте келтірілген жапырақтарының пішіні және тұқымдарын сипаттаңыз
- A) жапырағы саусақ салалы күрделі, сағақта 5-7 жапырақшадан, жемісі жаңғақты
 - B) жапырағы жұмыртқа тәрізді, жемісі қанатшалы
 - C) жапырағы жүрек тәрізді, жемісі жаңғақты
 - D) жапырағы ромб тәрізді, жемісі қос қанатты
 - E) жапырағы күрделі эллипс тәрізді, жемісі сүйекті

32. 2-ші суретте келтірілген жапырақтарының пішіні және тұқымдарын сипаттаңыз
- A) жапырағы саусақ салалы, жемісі шырынды
 - B) жапырағы жұмыртқа тәрізді, жемісі қанатшалы
 - C) жапырағы ромб тәрізді, жемісі қос қанатты
 - D) жапырағы күрделі эллипс тәрізді, жемісі сүйекті
 - E) жапырағы жүрек тәрізді, жемісі жаңғақты
33. 1-ші суретте берілген ағаш түрінің жапырақтарының пішіні мен орналасуын сипаттаңыз
- A) жапырақтары жәй орналасқан, 5-7 салалы
 - B) жапырақтары жәй орналасқан, пішіні эллипс тәрізді
 - C) жапырақтары тақ қауырсынды, пішіні жүрек тәрізді
 - D) жапырақтары күрделі орналасқан, пішіні саусақ салалы
 - E) жапырақтары күрделі орналасқан, пішіні ромб тәрізді
34. 3-ші суреттегі морфологиялық белгілер бойынша ағаш түрін анықтаңыз
- A) шығыс шәмшаты
 - B) қотыр қайың
 - C) атбас талшын
 - D) кәдімгі шырша
 - E) кәдімгі емен
35. 4-ші суреттегі морфологиялық белгілер бойынша ағаш түрін анықтаңыз
- A) сібір балқарағай
 - B) шынар түсті үйеңкі
 - C) сібір қарағай
 - D) ұсақ жапырақты жөке ағашы
 - E) батыс туясы

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Суретте Қарағай тұқымдасына жататын Қазақстанда орман түзетін қылқанды ағаш түрлері келтірілген.



36. 6-шы суретте келтірілген қылқандардың орналасуы және ағаш түрі
- A) кәдімгі шырша қылқандары төрт қырлы, қыста қылқандарын тастайды
 - B) сібір балқарағайы, қылқандар 30-50 данадан орналасады, қыста қылқандарын тастайды
 - C) сібір қарағайы, қылқандары 5 данадан орналасады, қыста қылқандарын тастайды
 - D) сары қарағай, қылқандар 3-5 данадан орналасады, қыста қылқандарын тастайды
 - E) кәдімгі қарағай, қылқандары 2 данадан орналасады, қыста қылқандарын тастайды

37. 4-ші суретте келтірілген бүрдің пішіні мен орналасуын сипаттаңыз
- A) цилиндр тәрізді, тік орналасқан
 - B) жаңғақ тәрізді, көлденең орналасады
 - C) ұзынша, жіңішке, салбырап орналасады
 - D) конус тәрізді, жайылып орналасады
 - E) жұмыртқа тәрізді, отырып орналасқан
38. 7-ші суретте берілген ағаш бүрінің пішіні мен орналасуын сипаттаңыз
- A) конус тәрізді, жайылып орналасады
 - B) жұмыртқа тәрізді, кішірек, отырып орналасқан
 - C) жаңғақ тәрізді, көлденең орналасады
 - D) цилиндр тәрізді, тік орналасқан
 - E) ұзынша, жіңішке, салбырап орналасады
39. 3-ші суреттегі келтірілген қылқандар доғалдау, төменгі жағында екі ақшылдау жолағы бар келесідей ағаштарда кездеседі
- A) кәдімгі қарағай
 - B) сібір майқарағай
 - C) сібір балқарағайы
 - D) батыс туясы
 - E) кәдімгі шырша
40. 1-ші нөмірдегі ағаштың желек пішінін сипаттаңыз
- A) шатырша тәрізді
 - B) колонна тәріздес
 - C) жұмыртқа тәріздес
 - D) пирамида тәрізді
 - E) конус тәрізді

Дендрология

ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ